Қазалы ауданы, Басықара ауылының автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері бойынша

Түсіндірме жазба

Қазалы ауданы, "Басықара ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңының 16-бабы 3-тармағы 25 тармақшасына сәйкес, Басықара ауылдық округі, Басықара ауылындағы Т.Мұсабаев көшесінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері (құны 459 290-18 тиын ҚҚС-сыз) мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылғалы отыр.

Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 1-бабы 13-3) тармағында - жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға делінген.

Осы ретте, Басықара ауылының автомобиль жолдарын жкндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерңне өнім беруші болып "Жол активтері сапасының ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны айқындалған.

Басықара ауылдық округі әкімі **М.Бекмамбетов**